

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 04 шілде 2023 жыл

Электрмен жабдықтау жүйесінің апаттық түрде өшуіне байланысты «ҚазТрансОйл» АҚ мұнай айдау стансалары мен «Магистральдық су ағызғысы» ЖШС су айдау стансаларындағы ағымдағы жағдайы туралы

Астана қ. уақытымен 15:00 жағдай бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ мұнай айдау стансаларының (бұдан әрі – МАС) жұмысы қалыпты түрде жүргізіліп жатыр. Тек Құлсары мұнай құбыры басқармасының «Прорва» МАС, «Қосшағыл» МАС, «Қаратон» МАС және Атырау мұнай құбыры басқармасының Т. Қасымов атындағы МАС, «Мақат», «Мартышиә МАС жұмысына уақытша шектеу қойылған. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың электр қуатының өшуі салдарынан қызметі тоқтаған басқа МАС-дың жұмысы толығымен қалпына келтірілді.

Еске сала кетейік, 2023 жылдың 3 шілдесінде «МАЭК» ЖШС жылу электр орталығының №1 энергоблогының апатты түрде сөнуі салдарынан еліміздің батыс өңіріндегі Маңғыстау және Атырау электр торабының тұтынушыларын электрмен жабдықтау жұмысы шектелген еді. Жүйелік апаттардың салдарынан «ҚазТрансОйл» АҚ бірнеше МАС-тарының жұмысы жоспардан тыс тоқтатылған еді.

Сондай-ақ апатты жағдайдың салдарынан «Магистральдық су ағызғысы» ЖШС-нің келесі нысандары уақытша тоқтатылды: САС-5, САС-8, «Құлсары» СТҚ – 3. Салдарынан Магистральдық су құбырының жұмысы БСАС «Қиғаш» бастап «Қаражанбас» САС-қа дейінгі аралықта толығымен тоқтаған еді.

Қазіргі уақытта жұмыс қалпына келтірілді, «Магистральды су ағызғысы» ЖШС-нің барлық су айдау стансалары қалыпты режимде жұмыс істеп тұр.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар департаменті**